

Тақырып 14. Экономикалық саясаттың негізгі бағыттары



Экономист Мақсат Сералиев

Сұрақтар

- Мемлекеттік бюджет - қаржылық жүйенің орталық түйіні ретінде.
- Салық, салық салудың қағидалары және формалары. Салық түрлері. Фискалды саясат, мәні, мазмұны.



Мемлекеттік бюджет

- Мемлекеттік бюджет – мемлекеттегі ақша қорларын (табыстарды) және оларды бөлуді (шығындарды) бейнелейтін мемлекет қызметінің қаржылық жоспары.



- **Бюджет шығындары** құрылымы бойынша: мемлекетті басқаруға, әлеуметтік-экономикалық мақсаттарға, мемлекеттің шаруашылық әрекеттері мен сырт экономикалық қызметтеріне, қорғаныс пен ұлттық қауіпсіздікті бекітуіне жұмасалатын шығындар болып бөлінеді. Мемлекеттің шаруашылық әрекеттерге шығындары таза ұлттық өнімді мультипликациялық өсіруге әкеледі. Мемлекеттік шығындар мультипликаторы таза ұлттық өнім өзгерісінің үкімет шығындары өзгерісінің қатынасына тең.
- **Мемлекеттік бюджет кірістері** – орталық және жергілікті үкімет ұйымдары алатын салықтардан, мемлекеттік қарыздардан, сондай-ақ бюджеттен тыс қорлардан және мақсаттық қорлардан тұрады



Мемлекеттік бюджеттің өсіп келе жатқан шығындары және тапшылығы Ұлттық қор есебінен алынып отыр

МБ шығындарының динамикасы және түсім құрылымы, млрд. теңге



- МБ шығындары 2014 жылы бірден жоғары өсіп кеткенін көреміз (**+18%** немесе **1,1 трлн.**) және 2016 ж. (**+21%** немесе **1,5 трлн.**)
- **Салық түсімдерінің** өсуіне қарамастан шығындарды қтмасыз ету **2 есеге азайған** (2006 ж. **91% болса**, 2016 ж. **45%**)
- Шығындар **трансферттер есебінен қаржылындыра бастады** (**17%** дан **40%**) Бюджет **дефициті** (**-3%** дан **10%**)

Дереккөз: ҰЭМ



Салықтар

- Салықтар – бұл мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгіленген, белгілі бір мөлшерде және мерзімде бюджетке төленетін қайтарусыз және өтеусіз сипаттағы міндетті ақшалай төлемдер.



Салықтардың түрлерін келесі бес түрге жіктеледі:

- 1. Салықтарды салу объектісі бойынша: а) табыс салығы; б) мүлікке салынатын салық; в) қызметтің және нақты тауардың тұтынушының шығындарына салынатын салық.
- 2. Салықтарды алу тәсілдері бойынша тура (төлеушінің кірісі мен мүлкінен тікелей төленген салық) және жанама (бағаға немесе тарифке үстеме түрінде белгіленген салық төлеушінің кірістері мен мүлкіне қатысты емес) салықтар болады.



Салықтардың түрлерін келесі бес түрге жіктеледі:

- 3. Мөлшерін анықтау сипатына қарай салық негізгі 3 жүйеге бөлінеді.
 - а) үйлесімді салық болып пайыздық мөлшерлемесі өзгермейтін салықтар, олар табыс көлемімен немесе шығындармен мүлік құны есепке алынбай бірдей пайыздық қатынаста әрекет ететін салықтар аталады. б) салық мөлшерлемесі табыстың артуына байланысты өсіп отырса, ол прогрессивті салық мөлшерлемесі деп аталады; в) табыстың өсуіне қарай төмендейтін салық – регрессивті салық мөлшерлемесі деп аталады.
- 4. Бюджет деңгейі бойынша оған түсетін салықтар сомасы – жалпы мемлекеттік және жергілікті салықтар болып бөлінеді.
- 5. Пайдалану тәртібіне қарай жалпы салық: мемлекеттің біртұтас қорына жиналатын және нақты бағытқа тағайындалатын мақсатты немесе арнайы болып бөлінеді.



Іскерлік белсенділіктің төмендеуімен салықтық қысым күшейген

МБ түсекен салықтық түсімдер (млн. тенге)


	қаңтар- қыркүйек 2015	қаңтар- қыркүйек 2016	айырмасы	Айырмасы (%)
Салықтық түсімдер, соның ішінде:	3 169 778	4 255 482	1 085 704	34%
Корпоративтік табыс салығы	691 248	934 646	243 398	35%
Жеке табыс салығы	442 568	516 767	74 199	17%
Әлеуметтік салық	335 674	388 353	52 679	16%
ҚҚС	599 536	1 091 236	491 700	82%
акциздер	117 317	146 634	29 317	25%

Дереккөз: ҚР ҚМ стат.бюллетені

- ЖІӨ-ң төмен көрсеткіші (2016 жылдың 9 айы **0,4%**) салық салудың қысымы болғанын дәлелдейді;
- 2016 жылдың қаңтар-маусым айларында, өткен жылғы тура сол мерзіммен салыстырғанда ШОБ-тің өнім көлемі **4,2%**-ға қысқараған , ал ШОБ субъектілер саны **6,3%**-ға қысқараған.



ҚР салық кодексінің көлемі



Параметрлер	1995	2004	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016
СК сөздер саны	53 775	86 720	166 080	174 201	196 648	204 546	221 537	241 144	255 655	272 785	280 123
СК беттер саны	135	260	462	488	530	549	591	639	676	783	803
Бабтар көлемі:	179	568	688	692	723	723	739	752	768	774	781

- 20 жылда СК көлемі **5 есеге артқан**;
- 2001 жылдан бері **3 есеге артқан**.




- Мемлекеттік бюджеттегі салықтың таза қорының өсіп артуы сол мемлекеттің инвестициясының көлемін кеңейтіп және жеке бизнес пен мемлекеттік кәсіпорындарды несиелендіруді қамтамасыз етеді. Бұл таза халықтық өнімнің мультипликациялық өсуіне оң әсерін тигізеді. Салықтық мультипликатор таза халықтық өнім өзгерісінің салықтық түсімдердің өзгерісіне қатынасымен анықталады.



Салық жүктемесін көтеру көлеңкелі секторды тек қана өсіреді

ҰЭМ ұстанымы салықты өсіру арқылы көлеңкелі сектордың үлесін азайтамыз дейді

Бұл әбден қателік болуы мүмкін керісінше **іскерлік белсенділіктің төмендеуіне, көлеңкелі сектордың өсуіне бюджеттің табысының төмендеуіне әкеліп соқтыруы мүмкін**



- В прошлом году мы встречались с руководителями, которые отвечают за налоги в стране. Я задал конкретный вопрос: «Какой доход ожидается в связи с уменьшением порога НДС?». Ответ был такой: «Предполагаемый доход — **36 миллиардов тенге**». Это было в ноябре 2015-го. Тогда я задал второй вопрос: «А каковы затраты бизнеса, который должен будет выплатить такие налоги?». Ответ просто обескуражил: «**Не знаем**».
- На встрече присутствовали эксперты из ассоциации МСБ, которые смогли дать внятный ответ. Как вы думаете, какая прозвучала цифра? Подсчеты сделать просто. Есть 77 тысяч субъектов, которые подпадали под действие закона об НДС. Средние расходы каждого из них составляют порядка 1 миллиона тенге в год. Сюда входят зарплата бухгалтера, оплата за пользование Интернетом, затраты на оргтехнику и некоторые другие статьи. В принципе не такая уж и большая сумма. Перемножим эти цифры и получим сумму — **77 миллиардов тенге**. Итак, **77 миллиардов** - затраты МСБ, и **36 миллиардов** — получаемые доходы. Вроде бы как нормально.
- Но идем дальше. Недавно я слушал выступления новых руководителей финансово-экономического блока, и они назвали совершенно иные цифры доходов, получаемых субъектами МСБ, — **164 миллиарда тенге**. Почувствуйте разницу. Возникают вопросы: «Где расчеты? На основании чего берутся новые цифры?». — **Экономист Магбат Спанов**



Мемлекеттік бюджет тапшылығын жою тәсілдері:

- 1) ақшаның қосымша эмиссиясы;
- 2) салықты көбейту;
- 3) мемлекеттік қарыз, мемлекеттік кредит;
- 4) шығыстарды азайту;



Қазақстанның сыртқы қарызы, біз ойлағаннан да әлдеқайда көп 168,9 млрд доллар (2017 жылдың 1 қазан айындағы көрсеткіш)



Ұлттық Банктің баспасөз қызметі соңғы 10 жылда Қазақстанның сыртқы қарызы 74,6 млрд долларға өскенін мәлімдеген. 76,7 млрд доллар бұл фирма аралыққарыздың өсуінен болған бұл бірінші кезекте шет елдік мұнай компаниялардың еншілес компанияларына салынған инвестицияның есебінен артқан. Оның ішінде мемлекеттік қарыз 13,2 млрд, қаржы нарығының қарызы 9,1 млрд, 105,3 млрд доллар фирма аралық қарыз